

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өндірістік инженерия институты

Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар
технологиясы кафедрасы

Тәңірбергенов Эльдар Бағдатұлы

Титан өндірісінің гидрометаллургиялық технологиясын зерттеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070900 – Metallургия мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өндірістік инженерия институты

Металлургиялық процестер жылу техникасы және арнайы материалдар
технологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ:

МПЖжАМТ кафедрасының меңгерушісі
қауымд. проф., Ph.D., тех. ғыл.канд,

Чепуштанова Т.А

« _____ » _____ 2020 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Титан өндірісінің қалдықтарынан ниобий алу технологиясын
зерттеу»

5B070900 – Metallургия мамандығы

Орындаған: Тәңірбергенов Э.Б
Ғылыми жетекші

ассистент профессор, Ph.D.

Байгенженов Ө.С

« _____ » _____ 2020 ж

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өндірістік инженерия институты

Металлургиялық процестер жылу техникасы және арнайы материалдар
технологиясы кафедрасы

5B070900 – Metallургия мамандығы

БЕКІТЕМІН: МПЖЖАМТ
кафедрасының меңгерушісі
қауымд.проф.,Ph.D.,техн.ғыл.
канд.

_____Чепуштанова Т.А.
« _____ » _____ 2020 ж.

ТАПСЫРМА

Дипломдық жұмысты орындауға

Білім алушы: Тәңірбергенов Э.Б.

Тақырып: Титан өндірісінің қалдықтарынан ниобий алу технологиясын зерттеу

Университет Ректорының 2020 жылғы "27" қаңтардағы №762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: 2020 жылғы "30" мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: өндірісінде түзілген хлоридтік қалдықтар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) титан өндірісінің қалдықтарынан сирек металдар өндіру технологиялары
- б) қалдық құрамындағы хлоридтік қоспаларды шаймалау процесінің термодинамикасы; ниобий концентратын шаймалау
- в) өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары;
- г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Жұмыстың тақырыбы бойынша қорытындыны қоса 11 слайд.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 32 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Кіріспе	8.02.2020 ж.	
Аналитикалық бөлім (тақырып бойынша отандық және шет елдік әдебиеттерге шолу жасау)	22.02.2020 ж.	
Тәжірибелік бөлім (зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізу)	16.03.2020 ж.	
Экономикалық бөлім (қолданылатын металлургиялық процестер бойынша экономикалық есептеулер жүргізу)	5.04.2020 ж.	
Еңбекті қорғау (қолданылатын металлургиялық процестер қауіпсіздік шараларын қарастыру)	12.04.2020 ж.	
Қорытынды	19.04.2020 ж.	
Норма бақылау	26.04.2020 ж.	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Ассистент профессор, Ph.D. Ө.С. Байгенженов		
Еңбекті қорғау	Ассистент профессор, Ph.D. Ө.С. Байгенженов		
Норма бақылау	Сениор-лектор, т.ғ.к. С.С. Қоңыратбекова		

Ғылыми жетекші _____ Байгенженов Ө.С.

Студент тапсырманы орындауға алды _____ Тәңірбергенов Э.Б

Күні "3" мамыр 2020 ж

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс тапсырмадан, кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпыкөлемі компьютермен терілген 39 бет, оның ішінде 4 сурет және 2 кесте бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 32 аталымнан тұрады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – Титан өндірісінің қалдықтарынан ниобий алу технологиясын зерттеу.

Зерттеулер нәтижесінде титан өндірісінің қалдықтарын шаймалау процесінің тиімді параметрлерін анықтау алынған ерітінді құрамындағы ниобийді бөлу процестерінің тиімді параметрлері анықталды. Аталған процесті барынша тиімді жүргізуге әсер ететін әртүрлі факторлар (процесс ұзақтығы, температура, реагенттер шығыны) зерттелді.

Алынған нәтижелер титан өндірісінің қалдықтарын ниобий өндірісінің шикізаты ретінде қарастыруға, сонымен қатар қадықтық материалдар құрамынан ниобийді бөліп алу мүмкіндігін көрсетті.

Алынған нәтижелерге негізделе отыра экономикалық есептеулер жасалып, қауіпсіздік және еңбек қорғау жөніндегі іс-шаралары қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа состоит из задания, введения, основной части, заключения и списка использованной литературы. Общий объем работы составляет 39 страниц, набранных компьютером, в том числе 4 рисунков и 2 таблиц. Список использованной литературы состоит из 32 наименований.

Цель дипломной работы-изучение технологии получения ниобия из отходов титанового производства.

В результате исследований определены эффективные параметры процесса выщелачивания отходов титанового производства, а также оптимальные параметры процессов выделения ниобия в составе полученного раствора . Изучены различные факторы, влияющие на наиболее эффективное ведение данного процесса (длительность процесса, температура, расход реагентов).

Полученные результаты показали возможность рассматривать отходы титанового производства как сырье ниобиевого производства, а также выделять ниобий из состава хвостовых материалов.

Исходя из полученных результатов, разработаны экономические расчеты, предусмотрены мероприятия по безопасности и охране труда.

ANNOTATION

The thesis consists of a task, introduction, main part, conclusion and list of references. The total amount of work is 39 pages typed by the computer, including 4 figures and 2 tables. The list of references consists of 32 titles.

The purpose of the thesis is to study the technology of obtaining niobium from waste titanium production.

As a result of the research, the effective parameters of the leaching process of titanium production waste were determined, as well as the optimal parameters of the niobium separation processes in the resulting solution. Various factors affecting the most effective management of this process (process duration, temperature, reagent consumption) have been studied.

The results obtained showed that it is possible to consider titanium production waste as a raw material of niobium production, as well as to isolate niobium from tailings materials.

Based on the results obtained, economic calculations were developed, and measures for safety and labor protection were provided.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Әдебиеттің аналитикалық шолуы	11
1.1 Титан өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу технологиялары	11
1.2 Титан өндірісінің қалдықтарынан сирек металдар өндіру технологиялары	14
1.3 Ректификациялық колонна қалдықтарын өңдеу	18
2 Тәжірибелік бөлім	25
2.1 Бастапқы шикізаттың сипаттамасы	25
2.2 Титан хлораторларының өңделген балқымаларын шаймалау	25
2.3 Қалдық құрамындағы хлоридтік қоспаларды шаймалау процесінің термодинамикасы	25
2.4 Ниобий концентратын шаймалау	26
3 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімі	29
3.1 Еңбек қорғау заңдары	29
3.2 Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды талдау	29
3.3 Өндірістік санитария	30
3.3.1 Жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету	30
3.3.2 Жасанды жарықтандыруды ұйымдастыру	31
3.3.3 Метеорологиялық жағдайларды қамтамасыз ету	31
3.3.4 Өртке қарсы шаралар	31
4 Экономикалық бөлім	34
4.1 Экономикалық тиімділігін зерттеу жұмыстары	34
4.2 Есептеу рентабельділігі мен экономикалық тиімділік зерттеу	34
Қорытынды	36
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37

КІРІСПЕ

Ғылыми техникалық проблемалардың заманауи күйі. Қазіргі таңда титан губкасын ең ірі өндірушілері қатарына алты ел кіреді, олар: Қытай, Жапония, Ресей, Қазақстан, АҚШ және Украина [1]. 2014 жылы Қытай әлем бойынша өндірілетін титан губкасының 34 %-ын өндіріп шығарды, сондай-ақ өндірістің жалпы қуаты жылына 150000 тоннаны құрады [2,3].

Әлемнің барлық мемлекеттеріндегі титан губкасын алудың негізгі әдісі –850 °С кезіндегі титан тетрахлоридінің магнийтермиялық тотықсыздануына негізделген Kroll үрдісі болып табылады [4]. Процесті жүргізу үшін өндіріс тізбегіне магнийді оның балқыған тұздарынан электролиз арқылы өндіріп алу үрдісі қосылған. Электролизді магний алынатын шикізат көзі алдын-ала байытылып, сусыздандырылатын карналлит болып табылады, ал пайдаланылған электролит титан шлактарын хлорлау кезінде қолданылады. Шлактарды хлордау кезеңінде және магнийдің электролизі кезінде хлоридті қалдықтардың едәуір мөлшері түзіледі.

Өнеркәсіптік қалдықтардың бұл түрлері атмосфераға тасталуы кезінде жер қабатын және табиғи суларды, пайда болған өнеркәсіптік ағынды суларды су нысандарына лақтыру кезінде, қатты қалдық түрлерін шлам сақтау қоймаларына орналастыру кезінде қоршаған ортаны ластап, оған қауіп төндіреді [5].

Қазіргі таңда магний өндірісінің карналлитті хлораторларының шламдары залалсыздандыруға келмейтін қалдық түрлеріне жатады. Шлам сақтау қоймалары экологиялық қауіптіліктің бірден-бір потенциалды және айқын көзі болып табылады. Металлургиялық шламдардың құрамындағы химиялық элементтердің «көшіп-қонуының» нәтижесінде олардың орналасу аймағында жер қабатының, грунттық және беткі сулардың ластануы, сонымен қатар олардың кебуі нәтижесінде атмосфераға өндірістік шаңның бөлінуі жүреді.

Жоғарыда айтылғандарды және стратегиялық маңызға ие титан және магний сынды материалдардың өндіріс көлемдерінің жақын арада азаймайтынын ескере отыра, осы өндірістердің қоршаған ортаға теріс әсерін мүмкіндігінше азайтуға бағытталған экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, экономикалық тұрғыдан ақталған және өндірістік жағдайларда сынақталған өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандыру әдістерін әзірлеу өте маңызды мәселе болып табылады.

Жұмыстың өзектілігі. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде жоғары түсті металл ниобийге сұраныстың артуы байқалады. Мұндай үрдіс жаңа техниканың түрлі салаларында орын тапты – машина жасау, авиағарыштық индустрия, атом энергетикасы, химия өнеркәсібі және радиоэлектроника, ниобий 5 бағытта қолдануында кеңейіп туындады. Ниобийдің сұранысқа ие болуы оның бірегей физикалық және физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты: балқу және қайнау температураларының жоғары болуы, электрондардың шығу жұмысының басқа баяу балқитын металдармен

салыстырғанда анағұрлым төмен болуы, жоғары беріктігі, нейтрондарды басып алу қимасының төмен болуы, жоғары радиациялық төзімділігі, жақсы геттерлік қасиеттері, бірқатар сұйық металдардың үйлесімдігі және коррозиялық төзімділігі. Өнеркәсіптің әртүрлі салаларында ниобий бар қорытпалар кеңінен қолданылады. Осыған байланысты өндірістегі ниобий тапшылығын толықтыру және жаңа технологияларды әзірлеу өзекті міндет болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – титан өндірісінде түзілген хлоридтік қалдықтарды гидрометаллургиялық әдіспен өңдеу арқылы ниобий концентратын алу технологиясын зерттеу.

Зерттеу объектісі: титан өндірісінде түзілген хлоридтік қалдықтар.

Жұмыстың жалпы міндеттері – зерттеу бағытын негіздеу, қалдықтарды шаймалау процестерін қарастыру, орындалған зерттеулерді экономикалық бағалау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша шараларды дайындау.

1 Әдебиеттің аналитикалық шолуы

1.1 Титан өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу технологиялары

Қазіргі таңда титан хлораторларының пайдаланылған балқымалары мен возгондарын [6] бейтараптандырудың төмендегідей үрдістерді қамтитын әдісі қолданыста бар:

- пайдаланылған балқыманы гидрошаюды;
- хлоридтермен қаныққан ерітінділерді алуға дейінгі пульпа
- циркуляциясын;
- тұнбаны рН = 8,0 – 8,5 –ке дейін әк сүтімен бейтараптандыру және
- флокуляцияны;
- тұнбаны фильтрлеу және шаю.

Шайылмаған тұнба құрамында, мас. %: 8,0 Fe; 2,1 Cr; 2,3 Mn; 0,9 Al; 0,03 Th; 9,4 натрий, калий, магний және кальцийдің еритін хлоридтері болады. Бұл қалдық түрі аз уытты, суда ерімейтін, сақтауға жарамды формада болады және ол үйіндіге жеткізілуі немесе құрылыс индустриясы кәсіпорындарында қолданыс табуы мүмкін.

Титан өндірісінің қалдықтары буралық ерітінділерге енгізгенде ерітінділердің әртүрлі құрылымдық-механикалық қасиеттерін жақсартатын эффективті қоспалар болып табылатындығы белгілі [7]. Буралық ерітінділерге 0,5-1,5 % мөлшерінде титан өндірісінің қалдықтарын енгізу – поливалентті металдардың иондарымен дисперсті сазды фазаның коагуляциясы әсерінен буралық ерітінділердің тұтқырлығының төмендеуіне әкеліп соғатыны көрсетілген.

Жұмыс [8]-де, титан хлораторларының хлоридті шаңдарын тікелей олардың түзілу орнында, өнеркәсіптік жабдықта термогидролиз арқылы залалсыздандыру әдісі қарастырылған. Пульпа күйіндегі (рН=1-2, $\rho=1,07 \text{ г/см}^3$) хлоридті шаң жұмыс аймағындағы температурасы 1250-1300 °С болатын пешке бүркіленеді. Хлоридті шаң құрамына кіретін темір, марганец және алюминий хлоридтерінің гидролизі хлористі сутіегінің түзілуімен жүреді.

Титан өндірісі қалдықтарының, титан хлораторларының өңделген балқымаларының көп құрамдылығына және құрамында скандий мөлшерінің аз (0,01-0,03 %) болуына қарамастан, аталмыш металды бөліп алуға ыңғайлы әрі перспективті шикізат көзі болып келеді. Бұл скандийдің едәуір бөлігі (75-80 %) жеңіл ажыратылатын формада, яғни хлорид күйінде болуына байланысты. Сондықтан, қалдықтарды шаймалауды $K : C \geq 1,8$ жағдайында сумен немесе әр түрлі қайтымды шаймалау ерітінділерімен жүргізуге болады. Қышқыл ерітінділермен торийдің және оның бөліну өнімдерінің жоғалымы болмас үшін бастапқы ерітіндіден хром, скандий, титан, цирконий, торий және оның бөліну өнімдерінің гидроксидтерін араласа-біріккен тұндырып-сорбциялау технологиясы ұсынылып, тәжірибелік-өнеркәсіптік ауқымда сынақталған [9].

[10]-да келтірілген скандийді бөліп алу технологиясы келесіге негізделген. Құрамында 0,01-0,03 % скандий оксиді бар титан өндірісі қалдықтары мен титан хлораторларының пайдаланылған балқымаларын тұз қышқылының әлсіз ерітіндісінде (20-40 г/дм³) шаймалайды. Көбінесе өңделген хлорид түрінде болатын скандий сүзгілеуге және темір хлоридінің мөлшері (ерітіндідегі хлорлы темірдің оптималды концентрациясы 5-10 г/дм³) бойынша тұзетулерге ұшырайтын ерітіндіге өтіп, кейіннен экстракцияға жіберіледі. Скандий экстракциясын трибутилфосфаттың (ТБФ) 70 %-дық ерітіндісімен керосинде жүргізеді. Скандиймен байытылған органикалық фазаны қоспалардын шаю үшін күшті (20-240 г/дм³) тұз қышқылымен өңдейді, содан кейін скандийді 7 %-дық тұз қышқылы ерітіндісі көмегімен сулы фазаға (реэкстракт) өткізеді. Реэкстракттан шавель қышқылымен скандий мен басқа да металдардың оксалаттарын шөгілдіріп, алынған пульпаны сүзгілейді, оксалаттар тұнбасын кептіріп 700 °С-та қыздырады да, құрамында 40-60 % скандий оксиді болатын техникалық скандий оксидін алады.

Стандартты технологияларды жетілдіру нәтижелері [11] жұмысында келтірілген. Титан хлораторларының пайдаланылған балқымаларының еріткіші ретінде тұз қышқылы, су және күкірт қышқылы сынақталды. Скандийді ерітіндіге максималды бөліп алу дәрежесінің күкірт қышқылын пайдаланған кезде орын алғанын және тұз қышқылына бөліп алудан 1,5 есе асатындығы бекітілген.

«Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ-да («ӨТМК» АҚ, Қазақстан) қуаттылықтың максималды жүктелуі кезінде жылына 76 мың тонна хлоридті қалдықтар түзіледі, ал үш үйінді қоймаларындағы қалдықтардың жалпы көлемі 1,5 млн.тоннадан асады. Өндірістің хлоридті қалдықтары құрамына 30000 т – 39,5 % титан хлораторларының пайдаланылған балқымалары (ТХПБ), 3000 т – 3,9 % ванадий хлораторларының пайдаланылған балқымалары (ВХПБ), 30000 т – 39,5 % хлор-калий электролиттерінің пайдаланылған балқымалары (ХКЭПБ), 6000 т – 7,9 % хлор-магний электролиттерінің пайдаланылған балқымалары (ХМЭПБ), 2000 т – 2,6 % карналлит хлораторларының шламы (КХШ), 500 т – 0,7 % электролизерлер возгоны (ЭВ), 500 т – 0,7 % карналлит хлораторларының возгондары (КХВ), 4000 т – 5,2 % титан хлораторларының конденсация жүйесінің шаң камераларының возгондары (ШК) [12].


«ӨТМК» АҚ хлоридті қалдықтарымен калий, магний, ниобий, тантал, скандий, марганец, хром және басқа да металдар жоғалады. Сондай-ақ титан-магний өндірісі қалдықтары құрамында өнеркәсіп өнімдері мен қалдықтарындағы таралуы толықтай зерттелмеген рубидий мен цезий болады.

«Металлургия және байыту институты» АҚ (АҚ «МЖБИ») «ӨТМК» АҚ мен бірлесе отыра бірнеше жыл бойы титан-магний өндірісі қалдықтарын қайта өңдеуге бағытталған зерттеулер жүргізілуде.

Үздіксіз рафинирлеу пешінің (ҮРП) тұзды хлоридті қалдықтарынан металдық магнийді термовакuumдық регенерациялаудың перспективті технологиясы әзірленген. ҮРП шламындағы қалдық - тұнбалар түріндегі металдық магнийдің мөлшері (1-5 мм) 10-40 мас. %. Магнийдің сублимациясы үшін оңтайлы жағдайлар таңдалған: температура 1030 °С-та 1 сағат ұсталуы қажет. Бұл жағдайларда келесідей құрамды магнийлі конденсат (шығымы 32,4 %), алынды, мас. %: 99,87 Mg; 0,003 Fe; 0,01 Si; 0,001 Al; 0,1 Ca; 0,001 Mn; 0,001 Na; 0,001 K; 0,001 Cu; 0,01 Ti [13].

Әзірленген технологияның жартылай өнеркәсіптік сынақтары «ӨТМК» АҚ-ның титан тетрахлоридін тотықсыздандыру және дисстиляциялау цехында өткізілді. Магнийді возгондарға жанама бөліп алу дәрежесі 90,2 % құраса, жылдық болжамды экономикалық эффект – 600 мың АҚШ долларын құрады. 850-900 °С температурада хлоридті қалдықтардан магнийді айдаған кезде құрамында 99,9 % магний болатын айтарлықтай таза метал конденсаты алынады. Мұндай магнийді тауарлы құйма күйінде де, титан тетрахлоридін губкаға өткізу үшін тотықсыздандырғыш ретінде де қолдануға болады.

Жұмыс [14]-де титан хлораторларының пайдаланылған балқымаларынан карналлиті регенерациялау мүмкіндігінің зерттеу нәтижелері және магний өндірісінің шламдары: магнийді үздіксіз рафинирлеу пешінің (ҮРП) шламы, хлормагний сұлбасының магний электролизінің шламы (ХСМЭШ), карналлит сұлбасының магний электролизінің шламы (КСМЭШ) келтірілген.



1 Сурет – «ӨТМК » АҚ хлоридті қалдықтарының құрамындағы KCl, MgCl₂, NaCl мөлшері

Әзірленген технологияның негізгі мақсаты карналлит модулі KCl/MgCl₂ = 0,8-1,0 болатын тұзды ерітінді алу болды.

КСМЭШ пен ҮРП шламдарын сулы шаймалау нәтижесінде оларды әрі қарай зерттеуге жарамсыз ететін құрамында марганец қоспалары едәуір көп мөлшерде болатын ерітінді алынды.

Хлоридті қалдықтарды сумен шаймалаған кезде ерітіндінің карналитті модулі 2,0-2,9 болғаны анықталды. Сонымен қатар, ерітінді темірмен, кремниймен, марганецпен және алюминиймен ластанған.


Шаймалау ерітінділерін магниймен қанықтырумен қатар оларды қоспалардан тазарту мақсатында магний электролиздерінің шламдарын пайдаланды. Бірінші кезеңде, кейіннен рН көрсеткішін тұз қышқылымен 0,5 - ке дейін беріктендірген, рН көрсеткіші 1,2-1,8 болатын сулы шаймалау ерітіндісін алды. Содан кейін рН 6,8-7,6 болғанға дейін порционды түрде ХСМЭШ салынып отырды. Бұл әдіс қажетті мәні 0,8-1,0 болатын карналит модулімен қамтамасыз ететін қоспа металдарды шөгілдіруге және ХСМЭШ магний оксидін толықтай ерітуге мүмкіндік береді. Алынған тұзды ерітіндінің құрамы келесідей, г/дм³: Ti 0,0001-0,0004; Fe 0,001-0,003; Si 0,026-0,033; Mn 0,04-0,06. Ерітіндіден буландыру және кристаллизациялау нәтижесінде ГОСТ 16109-70 талаптарына сәйкес карналит алынды.

1.2 Титан өндірісінің қалдықтарынан сирек металдар өндіру технологиялары

Соңғы уақытта өнеркәсіптің көптеген жоғары-технологиялық салаларында қолданысқа ие сирек жер металдарына деген (СЖМ) деген сұраныстың артуы байқалады.

«ӨТМК» АҚ-ның хлоридті қалдықтарының құрамында сирек жер элементтерінің таралуы бойынша жасалған зерттеулер, титан хлораторларының өңделген балқымалары сирек жер элементтерінің потенциалды шикізат көзі бола алатындығын көрсетті. Сирек жер элементтерінің ТХӨБ-дегі құрамы коммерциялық тұрғыдан қызығушылық туғызады, себебі диспрозийдің үлесі 57 %, неодимдікі 8 %, ал аз сұранысқа ие церийдікі бар болғаны 13 % құрайды [15]. Өзірленген технологияның технологиялық сұлбасы сурет 2-де келтірілген. Химиялық анализ нәтижелері бойынша, СЖМ оксалаттарының мөлшері – 96,0 %. Негізгі қоспалар – жалпы мөлшері 3,1 % болатын барий мен темір оксалаттары.

ТХӨБ-ден сирек жер элементтерін ұжымдық концентратқа жанама бөліп алу 66 %, ал технологияның жылдық болжамды экономикалық эффекті 530 мың АҚШ долларын құрады.



2 Сурет – СЖМ концентратын ТХӨБ-ден алудың принципіалды технологиялық сұлбасы

«ӨТМК» АҚ деректеріне сәйкес титан шлактарын хлорлау үрдісінің қатты қалдықтарында ниобийдің таралуына жүргізілген сараптама көрсеткіштері бойынша ниобийдің 0,26-0,6 %-дық ең көп мөлшері титан

хлораторларының шаң камераларының возгондарында шоғырланған. ШК - нан ниобийді бөліп алудың әзірленген әдісі [12,13], құрамында мас. %: 0,7 Nb; 2,8 Ti; 8,2 Fe; 6,3 K; 0,4 Mg; 2,5 Na; 0,27 Cr; 8,4 Al; 0,9 SiO₂; 0,44 Mn, Қ : С=1: 10 болатын 5 % тұз қышқылы ерітіндісімен 100 °С температура аралығында 2 сағат шаймалау үрдісін қамтиды. Кек құрамы, мас. %: 1,87 Nb; 16,2 Ti; 7,9 Fe; 0,3 Si; 0,1 Cr; 0,2 Mn; 0,7 Al. Кекке ниобийді бөліп алу дәрежесі 99,5 % құраса, титанды 73,3 %, ал темірді 6,7 % құрады.

Кекке титан мен ниобийден бөлек негізгі металдардан ажыратып алуды қажет ететін басқа да қоспа компоненттер өтіп кетеді. Көптеген қоспалардан ниобий мен танталды хлорид күйінде возгондарға өткізуге мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді әдіске хлоридті айдау үрдісі жатады. Шихта 89,1 % кектен және 10,7 % антрациттен тұрды, түйіршіктеу (грануляция) кезінде байланыстырушы ретінде шихта массасынан 0,2 % мөлшерінде болатын қант патокасын қолданды.

Үрдістің оңтайлы параметрлері бекітілген: хлор шығыны 0,2 дм³/мин, температура 750 °С, уақыты 120 минут. Возгондарға ниобийді бөліп алу дәрежесі 95,2 % құрады. Алынған хлорид-возгондарын гиролиттік өңдеу нәтижесінде құрамы келесідей тұнба алынды, мас. %: 20,16 Nb; 25,8 Ti; 0,7 Fe; 0,42 Si; 0,86 Al; 0,046 Mn. Тұнбаға ниобийді бөліп алу дәрежесі 98,8 % құрады [18]. Алынған тұнба танымал әдістер арқылы таза ниобий пентаксидін алу үшін қайта өңделуі мүмкін.

ШК алынған құрамында, г/дм³: 12,4 Fe; 4,1 Al; 2,5 Mn; 42 SO₄²⁻; 7,5 K; <0,1 Mg; 3,2 Na шаймалау ерітіндісін күйдірілген кальций оксидімен тазартты. Құрамында, г/дм³: 0,01 Fe; 0,03 Al; 0,04 Mn; 0,01 SO₄²⁻; 24,4 KCl; 156,0 MgCl₂; 4,3 NaCl тазартылған ерітіндіден карналлитті бөлді [19,20].

Қазіргі таңда «ӨТМК» АҚ өндіріс орнының су айналымына қолдануға болатын шағын тұнба мен сұйық фазаны алу мақсатында титан-магний өндірісінің хлор құрамды ағынды суларының залалсыздандырылуы мен утилизациясына бағытталған зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. Өнеркәсіптік ағынды суларды шлам жинағыштарды шөгілдіру арқылы тазалауға негізделген титан-магний өндірісінің өнеркәсіптік ағынды суларын реагентті тазалау технологиясына қарағанда, оларды реагентті тазалау шарттарын (сұйық ортаның қышқылдылығын) центрифугалау әдісін қолдана отырып декантация үрдісін пайдалану, фугатты вакуумды буландыру әдісі арқылы деминерализацияның термиялық әдістерін қолдануға өзгерту ұсынылып отыр. Мұндай технология қатты қалдықтардың мөлшерін едәуір қысқартуға және суландыру жүйесінің әлдеқайда тиімді тұйық циклын жасауға мүмкіндік береді.

Титан тетрахлориді өндірісінде құрамында міндетті түрде аз мөлшерде ванадий, скандий, ниобий, тантал, хром және т.б. сирек және сирек жер металдары бар титанқұрамды шлак қолданылады. Едәуір көп мөлшерде шлак құрамында темір, алюминий, магний, кремний, кальций, марганец қоспалары болады. Барлық қоспалардың жалпы көрсеткіші 15...20 %-ға дейін барады. Бұл қоспалардың барлығы бөліп алынып, қалдық күйінде хлорлау,

конденсациялау және ректификация аймақтарына жіберіледі. Хлорлау кезінде осы қоспалардың көп бөлігі хлоридтерге және оксохлоридтерге өтеді де, физико-химиялық қасиеттеріне байланысты жартылай өнімдерде немесе өндіріс қалдықтарында шоғырланады. Бұл өз кезегінде хлордың пайдасыз шығындарына, қосымша қаржылай шығындарға және қоршаған ортаның ластануына, яғни химиясының бұзылуына әкеліп соғады.

Титан тетрахлориді өндірісінің қалдықтарына: титан хлораторларының өңделген балқымалары, шаң камералары мен сүзгілердің возгондары, шахталық хлораторлардың күйінділері, пульпаны қайта өңдеу білтелерінің балқымасы, ректификацияның кубтық қалдықтары, бағандардың екіншілікті дистилляттары, сумен жіне әк «сүтімен» тазартудан кейін тұзқышқылды ағындар мен гипохлоритті пульпа түзетін қышқыл газдар және тағы басқалары жатады. Осылайша, титан тетрахлоридін өндіру үрдісінде қатты және қышқыл хлорқұрамды қалдықтар түзіледі. Қалдықтар құрамы [3-5] келтірілген.

Титан, шойын, болат және басқа да тау-кен металлургиялық өндіріс кешендері қалдықтарын ішінара немесе толықтай залалсыздандыруға бағытталған технологиялық сұлбалардың бір шамасы әзірленіп, зертханалық және жартылай өнеркәсіптік ауқымда сынақталды. Басқаша айтқанда, табиғи шикізатты (ильменит, рутил, анафаз, брунит, липарит, сорен, перовскит және т.б.) өндіріп және қайта өңдеуге мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар жоқ, ал титан минералдарының 70-ке жуық түрі белгілі.

Біздің ойымызша, қалдықтарды залалсыздандыру жолдарын екі бағытқа бөлуге болады: жоғары температураларда өтетін пирометаллургиялық және сулы ерітінділерде қалыпты температуралық жағдайларда жүретін гидрометаллургиялық үрдістер. Сондай-ақ, пирометаллургиялық әдістермен қалдықтарды қайта өңдеудің ішінара немесе бөлек қарастырылатын міндеттерін шешуге болады. Олар қышқыл ағындар, гипохлоритті пульпалар сынды қалдық түрлерін қамтымайды.

Осыған байланысты, титан құрамды қалдықтарды өнеркәсіптік, әлеуметтік, тұрмысты-коммуналдық, транспорттық, гидротехникалық құрылыс, және жасанды инженерлік құрылыс нысандары мен конструкциялардың қалпына келтірілу циклына тартуға бағытталған инновациялық технологиялар әзірлен бейінше, Вольногор тау-кен металлургия және Запорож титан-магний комбинаттарының титан қалдықтарын залалсыздандыру мүмкін емес.

Сонымен қатар, едәуір назар – жоғары әмбебаптылығымен, сан-қилылығымен, жоғары эффективтілігімен жабдықталуының жеңілділігі ұштасқан, механизация мен автоматизациялауға жеңіл болып келетін гидрометаллургиялық үрдістерге аударылуда. Сол себепті, титан қалдықтарының барлық түрлерін қайта өңдеуге арналған технологиялық сұлбалардың гидрометаллургияға негізделіп жасалғаны да бекер емес.

Сондай-ақ, титан-магний өндірісі қалдықтарының барлық түрлерін қайта өңдеуге бағытталған бірнеше технологиялық сұлбалар ұсынылған.

Олардың бірінде титан-магний өндірісінен түзілген қышқыл ағындарға тұз хлораторының үйінді балқымасын және мангнийді қайта өңдеу үрдісінің барлық қатты қалдықтарын жүктейді. Пульпа рН-ын 7.0-ге дейін апарарды. Түскен тұнбаны сүзгілеп, қауіпсіз әрі радиоактивті емес болу себебінен эмальді фритт, глазурь, және т.б. өндірісіне жібереді. Құрамында негізінен магний мен калий хлоридтері болатын ерітіндіні карболиттік қатынасы $KCl : MgCl_2 = 1 : 1$ болғанға дейін коррекциялайды да, керамикалық ликерларға бағыттайды. Мыс-ванадийлі кектерден жасалынатын әртүрлі силикатты материалдардың физико-химиялық және механикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында –оларды қайта өңдеудің зертханалық ауқымда технологиялық сұлбалары әзірленген. Титан хлораторларының үйінді балқымаларында басқа да бағалы компоненттермен (маний, калий) қатар, скандий, ниобий, тантал бар.

Тұз хлораторларының үйінді балқымаларын қайта өңдеу технологиясы ұсынылған. Әзірленген инновациялық технология қалдықтардан құрылысқа, жөндеу жұмыстарына, архитектуралық және т.б. мәдени ескерткіштердің түрлерін қалпына келтіруге арналған құрылыс материалдары күйіндегі жартылай-өнімдердің жаңа түрлерін алуға мүмкіндік береді. Құрамында ниобий мен тантал бар өңделген балқыма мен возгондар ғимараттар мен конструкциялардың отқатөзімділігін жақсарту үшін, фундаменттері мен басқа да элементтерінің эксплуатация мерзімін жоғарылату үшін қолданылатын біздің сұлбамыз бойынша алынатын тантал-ниобийлі концентрат алуға мүмкіндік береді. Портландцемент пен бетонның тауарлық көрсеткіштерін жақсартатын титан хлораторларының, ванадий құрамды кубты қалдықтардың, қышқыл ағындардың, гипохлоритті пульпалардың үйінді балқымаларын қайта өңделуі ұсынылған.

Осылайша, титан өндірісінің қоршаған ортаны физико-химиялық ластанудан қорғайтын, титанқұрамды шикізаттың толықтай кешенді қолданылуымен жүретін қалдықсыз болуына бағытталған инновациялық сұлба ұсынылған. Химиялық ластану көзі – титан өндірісі, ал титан губкасы алынатын шикізат – төртхлорлы титан болып табылады. Сондай-ақ, $TiCl_4$ -ті хлорлы әдіспен титанның пигментті тотығын алуда, катализатор ретінде полимерлі материалдар (полиэтилен, полиизопрен) өндірісінде, эмальді фриттер өндірісінде, керамика мен отқатөзімділердің химиялық технологияларында жоғары температуралы қоспалар мен шликер түріндегі глазурь ретінде қолданады.

1.3 Ректификациялық колонна қалдықтарын өңдеу

II ректификацияның кубтық қалдықтарының шамамен алынған құрамы келесідей, %: $TiCl_4$ 90,0; $AlOCl$ 1,5; $FeCl_3$ 0,3; $TiOCl_2$ 2,2; $AlCl_3$ 2,5; және қатты өлшенділер 175 г/л.

I ректификация коллоналарының екіншілікті дисстилятының құрамында 4,0-4,8 % SiCl_4 , 20 % дейін органикалық байланыстар және қалғаны TiCl_4 болады. Бұл өніммен бірге жылына титан тетрахлоридының жүздеген тоннасы жоғалады. Соңғы уақыттарға дейін бұл өндіріс қалдығы су гидролизына, бейтараптандыруға ұшырап, үйіндіге жіберілетін.

Соңғы жылдары отандық зауыттардың бірінде екіншілікті дисстиллят оттегінің плазмалық ағынында өртеу арқылы сәтті түрде өңделіп, бұндай қалдық түрінен арылуға мүмкіндік берді.

Қышқыл ағындар шамамен алынған құрамы, %: HCl 23,0; $\text{Fe}_2(\text{SO}_4)_3$ 2,0; TiO_2 0,9; MgCl_2 0,3; O_2 0,1; H_2O 73,7. Гипохлоридті пульпаның шамамен алынған құрамы, %: CaCl_2 61,8; $\text{Ca}(\text{OCl})_2$ -22,0; CaO 14,8; TiO_2 1,4.

Өндіріс мәдениетін автоматтандыру мен еңбек сыймдылығын талап ететін үрдістерді механизациялау ғана емес, сонымен қатар еңбек өтілімінің санитарлық жағдайлары, атмосфераға, су қоймаларына, жер қойнауына лақтырылатын зиянды заттардың ликвидациясы анықтайды. Сол себепті, титан өндірісінің бастау алған кезеңінен бері, үйінді өнімдеріне ең басты назар қойылды.

Қазіргі таңда зертханалық және жартылай өнеркәсіптік ауқымдарда титан-магний өндірісінің қалдықтарын толықтай немесе ішінара залалсыздандыруға бағытталған әр түрлі технологиялық сұлбалар әзірленіп, сынақтан өткен. Зерттеулердің ортақ бағыты – қалдықтарды жою ғана емес, сонымен қатар, хлор, титан, хлорлы сутегі, темір, магний, ванадий, скандий, ниобий, тантал және т.б бағалы компоненттерді бөліп алу болып табылады.

Қалдықтарды залалсыздандыру технологиясын екі бағытқа бөлсе болады: жоғары температураларда өтетін пирометаллургиялық үрдістер және сулы ерітінділерде қалыпты температураларда өтетін гидрометаллургиялық үрдістер.

Қалдықтарды қайта өңдеудің бірнеше әдістері белгілі. Мысалы, шаң камераларының возгондарын 600–800 °C температурада темір хлоридімен және алюминиймен немесе көміртекті тотықсыздандырғыш қатысында хлормен хлорлауды ұсынады. Коагулянт ретінде халық шаруашылығында қолдануға жарамды темір және алюминий хлоридтерінің балқымасын алады, сондай-ақ, TiO_2 еселеп хлорлау арқылы TiCl_4 бөліп алады. Әдіс кемшілігі – возгондардан титанды бөліп алу дәрежесінің төмендігі (шамамен 50 %).

Хлорды бөліп алу үшін, хлораторлардың үйінді балқымасы мен TiCl_4 конденсациялау жүйесінің возгондарын 600-700 °C температурада таза оттегімен үрледі. Алынған зиянсыз оксидтер (SiO_2 , TiO_2 және т.б.) үйіндіге жіберіліп отырды. Үрдіс оксидтердің шоғырлану мөлшеріне қарай балқыманың қоюлануымен, аса үлкен жарылыс қауіптілігімен, зиянды газдардың бөлінуімен, хлордың аз шығымымен байланысты технолоиялық және аппаратуралық сипаттағы біршама қиындықтармен қатарласа жүреді.

Жоғарыда келтірілген ТХӨБ хлоридті қалдықтарын, ШК возгондарын, магний өндірісінің шламдарын қайта өңдеу әдістері оларды қосымша өнімдер ала отыра өңдеуге мүмкіндік береді. Алайда, қалдықтарды толық көлемде

залалсыздандыруды тежеуге басты себеп – қалдықтарды залалсыздандыруға дайындайтын өнеркәсіптік қуаттардың болмауы, бұл қуаттарды алуға қаражаттың болмауы, сондай-ақ өндіріс орындарында тәжірибелі-өнеркәсіптік цехтардың болмауы себебінен қалдықтарды залалсыздандыруға ұсынылатын тәжірибелі-өнеркәсіптік сынақтардың жетіспеушілігі болып отыр.

Шлам жинағыштарда хлор құрамды қалдықтардың едәуір мөлшері жиналып қалған титан губкасын өндіретін кәсіпорындар үшін құрамындағы барлық бағалы компоненттерді бөліп алуға мүмкіндік беретін хлоридті қалдықтардың қайта өңделуіне бағытталған жаңа технологиялық сұлбалар мен үрдістерді әзірлеу бұрынғыша маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Мұндай әдістердің оңтайлылығын негіздеу үшін қосымша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шикізатті кешенді түрде қайта өндеуге арналған жабдықтардың құрылысы мен жобалануы қажет.

Шаң камераларының хлоридтерін өндеумен қатар жүргізілген үйінді балқымасының регенерациясын магний оксидін, доломитті немесе магнийлік электролиздық ванналар шламын қосу арқылы жүргізіп отырды. Темір, кремний, титан оксидтерін көмірлі қабат бойымен сүзгілеу немесе шөгілдіру арқылы жойып, тазартылған балқыманы хлорлау жүйесіне қайтарып отырды. Үрдіс энергияның көп шығындалуымен және жабдықталудың аса қиындығымен байланысады. Дәл осындай нәтижелерге үйінді балқыманың титан, кремний, алюминий оксидінің хлорланбаған графитті матасы арқылы сүзгілеумен өтетін регенерацияның оңай тәсілі әкеліп соғады.

Хлоратор балқымаларын регенерациялаудың жеңіл әрі тиімді әдістерін іздестіру өндірістің маңызды мәселесі болып табылады. Бұл мәселенің шешімі үйінді балқыманың массасын күрт қысқартуға, скандий сынды пайдалы компоненттердің концентрациясын елеулі түрде жоғарылатуға және оларды бөліп алудың қолайлы технологияларын қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда, отандық зауыттарда титан шлактарын хлорлау кезінде құрамында темір, титан, алюминий, ниобий, тантал, ванадий, цирконий, хром, марганец, калий сынды басқа да элементтер болатын хлоридті қалдықтар түзіледі. Запорождық титан институтымен тек зиянды материалдарды қоршаған ортаға лақтырылуын толықтай тоқтатып, хлор шығындарын азайтып қана қоймай, хлормагнийлі тұздар мен құрамында бағалы легирлеуші элементтер болатын полиметаллды ұнтақтар сынды екі тауарлы өнім алуға мүмкіндік беретін, қалдықтары қайта өңдеу технологиясы әзірленген. Бұл ұнтақтарды болаттарды модифицирлеу үшін қолдануға бағытталған сынақтар оң нәтижелер берді. Алайда, энергия мен еңбек шығының жоғары болуына байланысты бұл технология түпкілікті өндіріске енгізілмеді.

Үйінді балқымасының құрамына кіретін хлорлы тұздар қоспасын жеке-жеке хлоридтерге вакуумды дисстиляция арқылы бөліп алу мүмкіндігі өз кезегінде сәтті болмады. Өз кезегінде, құрамында елеулі мөлшерде хлорлы

темір болатын шаң камералары мен сүзгінің қайта балқытылған возгондары байыту фабрикаларының ағындарын залалсыздандыру үшін қолданыла алады.

Төмен валентті титан хлоридтері арқылы алюминий шаңымен $TiCl_4$ ванадийден тазарту кезінде алынатын II ректификацияның кубтық қалдықтарын хлорлы-ректификациялық қайта өңдеу сұлбасы перспективті болып табылады. Бұл технологияға сәйкес кубтық қалдықтарды электролиттің өңделген балқымасына енгізеді. $TiCl_4$ буланып, конденсациялау жүйесінде ұсталады, ал ванадий мен алюминий қиын балқитын байланыстар түрінде балқымада қалады. Балқыманың ванадиймен және алюминиймен қанығуына қарай реакторға анодты хлоргаз береді және тотықсыздандырғыш жүктейді. Ең төмен валентті ванадийді ең үлкен валенттіге дейін тотықтырып, ванадийдің оксохлориді ($TiCl_4$ қоспа түрінде) түрінде өзге конденсациялау жүйесінде ұстап алады. Алдын-ала алынған техникалық өнім түріндегі $TiCl_4$ негізгі өндіріске қайтарылады. Ванадий құрамды өнімді гидролиздеп, ванадий оксидін (V) алуға жібереді немесе одан ректификация әдісімен 99,7–99,9 % тазалықтағы ванадий оксохлоридін алады.

Аппаратуралық жабдықталудың күрделілігі, периодтылық, елеулі энергиялық шығындалу сынды бірқатар кемшіліктерге қарамастан, бұл әзірленген сұлба жоғары технологиялығымен, әмбебаптылығымен, тауарлы өнімге ванадийді бөліп алу мүмкіндігінің екі еседей жоғарылауымен, шығарылатын ванадий құрамды өнімдердің ассортиментінің кеңеюімен сипатталады. Сонымен қатар, ванадий құрамды кубты қалдықтарды хлорлы-ректификациялық қайта өңдеу технологиясы өндірістің жалпы мәдениетін жоғарылатып, кубты қалдықтарды буландыру және алюмо-ванадийлі кектерді еріту сынды байламдарды ликвидациялауға мүмкіндік береді, ванадий оксидін (V) алу үрдісін елеулі түрде қысқартып, жеңілдетеді.

